

ЖАУЫНГЕРЛІК РУХТЫ ШЫҢДАҒАН ДОДА

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Арнайы жасақ бөлімшелері арасында ұйымдастырылған «Арнайы жасақ ойындары» сайысы - тау тұлғалы сақшылардың кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған стратегиялық маңызды шара. Оның басты мақсаты - әскери қызметшілердің физикалық және психологиялық дайындығын жетілдіру, заманауи тактикалық операцияларды жоғары деңгейде орындау қабілеттерін арттыру. Аталған жарыс шекарашылардың қиын әрі қауіпті жағдайларда бір-біріне сенім артып, тез әрі тиімді әрекет ету шеберлігін дамытуды көздейді.

Сонымен қатар, жарыс міндеттерінің қатарында - әскери қызметшілердің бірлігін, командалық рухын нығайту, олардың арасындағы өзара көмек пен түсіністікті арттыру.

Әр кезеңде қойылған күрделі тапсырмалар командалардың ынтымақтастығын және жеке тұлғаның кәсіби дағдыларын дамытуды қамтамасыз етті.

Жарыста - жаңа тактикалық тәсілдер мен заманауи қару-жарақпен жұмыс істеу дағдыларын практикада бекіту, сондай-ақ әр қатысушының жеке қабілеттерін - шапшаңдық, төзімділік, ептілік және білім мен тәжірибе деңгейін арттыру. Қиын сынақтар арқылы әскери қызметшілер шынайы әскери операциялардағы күйзелістер мен қиындықтарға төтеп беруге дайындалады.

Осылайша, жарыс тек техникалық және физикалық дайындығын

емес, сонымен бірге әскери мораль мен рухани күшті қалыптастыруға бағытталған кешенді процесс ретінде ұйымдастырылды.

«Арнайы жасақ ойындары» жарысына қатысушылары - ҚР ҰҚК Шекара қызметі арнайы мақсаттағы бөлімшелерінен іріктелген әскери қызметшілер. Командалардың барлығы тәжірибелі, кәсіби дайындықтан өткен және әртүрлі әскери тапсырмаларды орындауда жоғары шеберлікке ие жауынгерлерден құралған.

Әр командада іріктеу кезеңінен сүрінбей өткен бірнеше әскери қызметшілерден тұратын топтар. Оның құрамына командир, қару-жарақ маманы, байланысшысы және жауынгерлік тапсырмаларды орындауда негізгі рөл атқаратын мамандар кірді. Қатысушылардың жасы мен әскери тәжірибесі әртүрлі, алайда барлығы ортақ мақсатқа - өз командасының жеңісіне жетуге бағытталды.

Жарысқа қатысушылардың басты ерекшелігі - олардың



(Жалғасы 6-бетте)



ҚҰРМЕТТІ ӘСКЕРИ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздер елдің қауіпсіздігі мен халқымыздың амандығы жолында аянбай еңбек етіп, әскери қызметтің ауыртпалықтарына қарамастан, адам өмірін сақтауға, жауынгерлер мен азаматтардың саулығын қамтамасыз етуге үлес қосып келесіздер. Сіздердің жоғары кәсібиліктеріңіз, ерлікке пара-пар еңбектеріңіз – әрқашан құрметке лайық. Сіздер – тек дәрігер ғана емес, нағыз ержүрек жауынгерсіздер. Қиын-қыстау сәттерде, қауіп-қатерге қарамастан, адам өмірін сақтап қалу жолында алдыңғы шепте жүресіздер. Сіздердің кәсіби шеберлігіңіз, жанкешті еңбегіңіз – еліміз алдындағы адал қызметтің жарқын үлгісі. Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің басшылығы және жеке құрамы атынан Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық пен бақ-береке тілейміз! Еңбектеріңіз еленіп, қызмет жолдарыңыз табысты болсын!

Құрметпен,

ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары –
Шекара қызметінің директоры
генерал-майор

Е. АЛДАЖҰМАНОВ



ШОҢҒАЙ
— ЕЛ ШЕБІНДЕГІ
СЕНІМ
ҚАМАЛЫ

3



ҚАРУЛЫ
ҚАУІПКЕ —
ТЕМІРДЕЙ
ДАЙЫНДЫҚ

7



ШЫН ЖҮРЕКТЕН
АТҚАРЫЛҒАН
АДАЛ ҚЫЗМЕТ

9

БЕРІК БӨЛІМШЕ – «ЖАЛАҢАШКӨЛ»

Жалаңашкөл.. Бұл атаудың өзінде қазақ даласының терең тарихы мен салмақты тынысы бардай сезіледі. Жетісу мен Абай облыстары түйіскен тұста, Жоңғар қақпасының маңында орналасқан шекаралық мекен - ел шебін күзеткен қырағы көздердің тынысымен өмір сүруде. Мұнда, Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы алтын белдеуде - ҚР ҰҚК Шекара қызметінің «Жалаңашкөл» шекара бөлімшесі орналасқан.



Бүгінде аталған бөлімше - шекара шебіндегі сенім мен тұрақтылықтың тірегі. Тарихқа көз жүгіртсек, Жалаңашкөл маңында 1969 жылы орын алған әскери қақтығыс – әскери ұжымның парағында жазылған маңызды бір шежіре. Осыдан кейінгі кезеңдерде өңір ерекше стратегиялық маңызға ие болды. Тарихи ескерткіштер – Құралай, Қусақ, Қызбейіт тәрізді көне оба-бұталар бүгінгі ұрпаққа өткеннің үнсіз куәсі іспеттес.

Осы киелі әрі қасиетті мекенде шекара күзетінің ауыр аманатын арқалап жүрген азаматтар бар. Солардың бірі «Жалаңашкөл» шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Нұрсұлтан Бақытжан.

Қызылордада дүниеге келіп, Павлодар мен Алматының беделді лицейлерінде білім алып, ҰҚК Шекара қызметі академиясында кәсіби дайындықтан өткен офицер бүгінде жауапты лауазымда. Оның әскери тәртібі, дене дайындығы және ұлтқа адалдығы - жас сарбаздарға үлгі боларлық. Спортта да алда - жыл қорытындысы бойынша үздік спортшы атануы - соның дәлелі.

Бөлімше бастығының орынбасары - аға лейтенант Данияр Құрманқоджаев та туған жеріне адал қызмет етуде. Шекара қызметінің бірнеше бөлімшесінде тәжірибе жинап, биылдан бастап Жалаңашкөл бөлімшесінде басшылық құрамда еңбек

етіп жүр. Оны өзгелерден ерек ететін - қарапайымдылығы мен табандылығы.

Бұл бөлімшеде қатардағы жауынгерлер де - ел тағдырын мойындарына алған, ар-ұятты биік қойған азаматтар. Мәселен, барлаушы-көздеуші қатардағы жауынгер Ерболат Сұлтан – Қостанай өңірінен келген, инженерлік біліммен қаруланған жас сарбаз. Ұлттық намыс пен азаматтық борышты терең сезінген ол қазір Жалаңашкөл бөлімшесінің сенімді жауынгері.

Тағы бір ұжым мақтанышы – мобильді топтың барлаушы шебері Бағлан Жүзбаев. Ұшаралда туып, мектеп қабырғасынан тікелей әскери өмірге қадам басқан ол өз ісіне адалдығымен ерекшеленеді. Әскердегі жетістігі үшін «Шекара қызметінің II дәрежелі үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Жалаңашкөл - тек қана әскери бөлімше емес. Бұл - тәртіп пен тәлім орны. Бүгінгі таңда бөлімше күзететін шекара аумағы берік қолда. Шекараның әр метріне жауапкершілік жүктелген. Соңғы үш жылда шекара тәртібін бұзған жетпіске жуық азамат ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 514-бабы бойынша жауапқа тартылды. Бұл – шекара сақшыларының жемісті еңбегінің нәтижесі.

Бүгінде шекара қызметі – жауынгерлерінің жауынгерлік қызметінен елдің абыройы көрінетін сала. Олардың әрбір ерекеті – Тәуелсіздікті тұғырлы етудің жолындағы күрес. «Жалаңашкөл» бөлімшесінде қызмет атқаратын әрбір жауынгер – Елбасының «Шекара – халықтың намысы» деген сөзіне лайық ұрпақ.

Сол намысты қорғау үшін тарих пен болашақтың арасын жалғайтын қасиетті мекен – «Жалаңашкөл» шекара бөлімшесінің



қызметкерлері аянбай тер төгуде. Олар – күннің аптабында да, түннің суығында да ел үшін көз ілмей жүрген ерлер.

Себебі, Жалаңашкөл – шекара ғана емес, рухтың биігі, Жалаңашкөл – тыныштықтың тірегі, Жалаңашкөл – отансүйгіш жүректердің мекені!



Журналистер одағының мүшесі подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР». Суреттер шекара бөлімшесінен.

МОДУЛЬДІ ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

2024 жылғы 23 мамырда «Үбі» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымына капитан Амантай Марлен Қуатұлы тағайындалды. Ол 1996 жылдың 18 мамырында Жетісу облысы Талдықорған қаласында дүниеге келген. ҚР ҰҚК Шекара академиясын 2013–2017 жылдар аралығында оқып, алғашқы қызметін Жамбыл облысы бойынша департаменті Қордай ауданы бойынша шекара басқармасынан бастаған. Қызмет барысында өзін білікті маман ретінде көрсеткен капитан М. Амантай 2025 жылы 13 шекара режимін бұзған азаматты ұстап, шекара тәртібін қамтамасыз етудегі жауапкершілігін дәлелдеді.

Аталған бөлімше бастығының орынбасары – капитан Жамаков Жалғас Жарасович. Ол 1999 жылдың 9 маусымында Жетісу облысы Талдықорған қаласында дүниеге келген. 9-сыныптан кейін 2015–2017 жылдары Бауыржан Момышұлы атындағы Алматы республикалық «Жас ұлан» мектебін тәмамдап, 2017–2021 жылдары ҚР ҰҚК Шекара академиясында білім алды. Қызметін Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының «Көктекше» шекара бөлімшесінен бастап, 2024 жылдың шілде айында «Үбі» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары қызметіне кірісті.

Қазіргі уақытта «Үбі» шекара

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты «Алтай» шекара бөлімінің «Үбі» шекара бөлімшесі – еліміздің шығыс қақпасын күзетіп тұрған маңызды бөлімше. Бұл бөлімше Ресей Федерациясымен шекаралас Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Медведка ауылында орналасқан.



бөлімшесінде айтарлықтай оң өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен жаңа модульді шекара бөлімшесінің құрылысы жүргізілуде. Бұл заманауи кешен шекарашыларға қолайлы қыз-

меттік жағдай жасап, техникалық жабдықталуы мен жайлылығымен ерекшеленетін болады. Құрылыс жұмыстары маусым айының ортасында аяқталады деп жоспарлануда.

Шекара – елдің тәуелсіздігі мен

қауіпсіздігінің тірегі. «Үбі» шекара бөлімшесінің жаңғыруы – бұл еліміздің қауіпсіздігіне бағытталған маңызды қадам. Ерлік пен тәртіптің үлгісін көрсетіп жүрген офицерлеріміздің еңбегі әрқашан жоғары бағалануға лайық.



Майор Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.

ЕРЛІК ПЕН ЕРЕН ЕҢБЕКТИҢ ТОҒЫСҚАН ТҰҒЫРЫ

Бүгінгі таңда «Долаты» шекара бөлімшесі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы шекараны күзету. Бұл бағыттағы жұмыс — тек әскери сала өкілдерінің ғана емес, жергілікті тұрғындардың да қолдауын қажет ететін ортақ міндет. Осы ретте бөлімше мен Қабанбай ауылы тұрғындарының ынтымақтастығы ерекше атап өтуге тұрарлық, азаматтық қоғам өкілдерімен, ауыл әкімдігімен, мектептермен, түрлі ұйымдармен тығыз байланыс орнатылған.

Заманауи талаптарға сай жабдықталған шекара бөлімшесінің аумағында қару-жарақ сақтау қоймалары, жаттығу қалашықтары, автотұрақ, арнайы қоймалар бар. Сондай-ақ, инженерлік бөгеттер мен бақылау жүйелері де толық жабдықталған. Бөлімше құрамында кәсіби дайындалған әскери қызметшілер бар. Әрқайсысы Отан алдындағы борышына берік, ел тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтау жолында табандылықпен қызмет етеді.

Қазіргі таңда бөлімше аумағында түрлі жаңашыл құралдар енгізіліп жатыр. Мысалы, шекара қозғалысын бақылауға арналған заманауи бейнебақылау жүйелері, спутниктік байланыс құралдары мен қашықтан басқарылатын бақылау дрондары кеңінен қолданылуда. Бұл құралдар шекара қауіпсіздігін арттырып, шекара бұзушылықтарды дер кезінде анықтауға мол мүмкіндік береді.

«Долаты» шекара бөлімшесінің тарихында елеулі еңбек сіңірген ардагерлер — бүгінгі шекарашыларға бағыт-бағдар беретін тәлімгерлер. Бұрынғы командирлер мен шекарашы-

лардың өмір жолы, қызметтегі ерлігі жас буынға үлгі болып табылады. Олар жыл сайын бөлімшеге келіп, жастармен жүздесіп, тәжірибелерімен бөлісіп отырады. Шекара қызметінің үздік дәстүрлері осы сабақтастық арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Бөлімшедегі күн тәртібі нақты жоспармен жүргізіледі: оянып, сапқа тұрудан бастап, кезекшілік ауысымына дейінгі барлық сәт қатаң ережемен реттеледі. Әскери өмір тәртіп пен дәлдікті, шұғыл шешім қабылдай білуді талап етеді. Шекарашылар осы бағытта шыңдалып, тез бейімделу мен дұрыс әрекет ету қабілетін дамытады. Осындай машықтар азаматтық өмірде де үлкен пайда әкеледі.

Бөлімшенің инфрақұрылымы жыл санап жаңартылып келеді. Жаңа байланыс құралдары, бейнебақылау жүйелері, қозғалыс датчиктері, дрондар мен басқа да заманауи құрылғылар шекара күзетінде кеңінен қолданылуда. Бұл — шекара қызметін заманауи деңгейге көтеріп, адам ресурстарының тиімді жұмсалыуына мүмкіндік беріп отыр. Техникалық жабдықтаудың жетілдірілуі — шекара қауіпсіздігінің кепілі.

Бөлімше жергілікті әкімдік, мектептер мен тұрғындармен тығыз қарым-қатынаста. Ашық есік күндері, бірлескен рейдтер, мәдени-көпшілік іс-шаралар, патриоттық кездесулер жиі ұйымдастырылады. Бұл — шекара қызметінің тек әскери ғана емес, әлеуметтік институт ретінде де қоғаммен байланысының айғағы. Жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу — бөлімше үшін маңызды бағыттардың бірі.

Бөлімше бастығы — аға лейтенант Сәбит Бағжан Нұрланұлы.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының «Долаты» шекара бөлімшесі — еліміздің мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауда ұзақ жылдық тарихы мен айбынды жолы бар бөлімше. Бұл бөлімше 1957 жылдың маусым айынан бастап Мақаншы ауданына қарасты Қабанбай ауылында өз қызметін бастаған. Бастапқыда Шығыс Қазақстан облыстық шекаралық басқармасының Жарбұлақ шекара бөлімінің құрамында болған бұл бөлімше — уақыт сынынан сүрінбей өткен, бүгінде шекара күзетінің сенімді тірегіне айналған нысан.



Ол 2001 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдап, қызмет жолын «Шағантоғай» шекара бөлімшесінде бастаған. Білімі мен біліктілігінің, адалдығы мен кәсіби шеберлігінің арқасында 2024 жылдың тамызы айынан бастап «Долаты» шекара бөлімшесін басқарып келеді. Ол үшін әр сарбаздың өмірі мен қауіпсіздігі — басты құндылық.

Оның орынбасары — лейтенант Кокабаев Бекболат

Тимурұлы, 2002 жылы Талдықорған қаласында туған. 2024 жылы Шекара академиясын аяқтаған жас офицер қазіргі таңда бөлімшенің негізгі басқару міндеттерін жоғары деңгейде атқаруда. Жас болса да, ұжымға үлгі боларлық қабілеті мен тәртібі бар офицер — шекара күзетінің сенімді тұлғаларының бірі.

«Долаты» шекара бөлімшесі — бұл тарих пен тәжірибенің, ерлік пен ерен еңбектің, адал қызмет пен патриотизмнің тоғысқан тұғыры. Бұл бөлімшеде қызмет

ету — елге адалдықтың, жауапкершіліктің, шекарашы болудың маңызын сезінудің нақты көрінісі. Мемлекет шекарадан басталса, сол шекараның тыныштығы мен беріктігі дәл осы бөлімшедегі сарбаздардың ерен еңбегіне тікелей байланысты.



Лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«ОС-ЧР». Сурет
басқармадан.

ШОҢҒАЙ — ЕЛ ШЕБІНДЕГІ СЕНІМ ҚАМАЛЫ

Қазақстанның қиыр батысында, Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы ауданында орналасқан бөлімше — тек шағын ауыл ғана емес, ел қауіпсіздігінің қалқанына айналған шекара шебіндегі стратегиялық маңызды бөлімше. 2002 жылы құрылған бұл бөлімше Сайхин ауылдық округінің құрамына енеді және Еділ темір жолының бойындағы маңызды станция ретінде тіршілік етеді.



Бірақ Шонғайды ерекшелендіретін басты фактор — мұнда орналасқан «Шоңғай» шекара бөлімшесі. Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі жүйесінде бұл бөлімше ерекше орын алады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша «Шоңғай» шекара бөлімшесі бүкіл ел бойынша ең үздік бөлімше деп танылды. Бұл — жай ғана атақ емес, шекарашылардың тынымсыз еңбегінің, мінсіз қызмет пен темірдей тәртіптің нәтижесі.

Бөлімше бастығы майор Н.Бекжігітов — өз ісінің нағыз маманы. Қызметіне деген адалдығы мен қызметтегі жоғары көрсеткіштері үшін мерзімінен бұрын майор әскери атағын иеленді. Бұл — жеке жетістік қана емес, бүкіл ұжым мен ауылдың абыройы. Ел шебіндегі тыныштық пен тұрақтылық — дәл осындай білікті басшылар мен берік бөлімшелердің арқасы.

«Шоңғай» бөлімшесі тек күзет қызметін ғана емес, шекара бойындағы өмір салты мен қауіпсіздік мәдениетін де қалыптастырып отыр. Географиялық орналасуы жағынан ауылдың 40%-дан астам аумағы бұрынғы «Капустин Яр»

әскери полигонының құрамында. Бұл полигон XX ғасырда ядролық және зымыран сынақтарының ошағы болған. 24 мыңнан астам ракета жарылып, ауаға 30 мың тоннаға жуық улы зат тараған. Радиоактивті қалдықтар аймақтың табиғатына кері әсерін тигізгені анық. Осындай күрделі аумақта қызмет ету — оңай шаруа емес екендігі анық.

«Шоңғай» атауының өзі шекаралық мәнге ие, көне мағынасы: «шеткі», «қиырдағы ел». Бұл атау шын мағынасында өмірмен астасып жатыр — «Шоңғай» шекара бөлімшесі еліміздің нақты шекарасын күзетіп тұр.

Осылайша, Шоңғай — жай ғана ауыл емес, бұл — мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығын күзеткен тірек, ал «Шоңғай» шекара бөлімшесі — сол тіректің болаттай берік тұғыры. Мұнда қызмет ететін сарбаздар мен офицерлер — ел тыныштығы үшін күндіз-түні көз ілмейтін шынайы қаһармандар.

Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ, «ОС-ЧР».
Суреттер шекара
бөлімшесінен.



ШЕКАРА ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕН ЕРЛЕР

Мемлекеттің шекарасын күзету – бұл тек әскерилердің міндеті ғана емес, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін аса жауапты және стратегиялық мәні зор сала. Шекара тыныштығы – бүкіл мемлекеттің тыныштығы десек, оны сақтауға бел шешіп кіріскен шекарашылар – нағыз халық қаһармандары. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Жайсан» шекара бөлімінің құрамындағы «Байторысай» шекара бөлімшесі осы міндетті абыроймен атқарып келеді. Аталған бөлімше 2003 жылғы 16 маусымда Байторысай ауылында құрылып, бүгінде Ресеймен шектесетін 80 шақырымдық аумақты күзетуде. Көпжылдық тәжірибе, кәсіби кадрлар мен ынталы жас офицерлердің бірігуі бөлімшенің табысты жұмыс істеуіне негіз болып отыр.

Шекараны қорғау – тынымсыз еңбек. Бір сәтке де босаңсуға жол жоқ. Қырағылық, тәртіп пен дайындық – әрбір шекарашыға тән сипат.

Сарбаздар жыл сайынғы тексерістер мен оқу-жаттығуларда үздік көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді. Соңғы жылдары бөлімше бірнеше рет департамент көлемінде үздіктер қатарынан табылып, 2023 жылы үздік ит нұсқаушысы осы бөлімшенің шекарашылары арасынан шыққан. Бұл – күнделікті машық пен табанды еңбектің нәтижесі.

Бөлімше бастығы капитан Нұрбек Бауырбекұлының айтуынша, қазіргі таңда шекарашыға артылар жүк бұрынғыдан әлдеқайда ауыр. «Біздің сарбаздар бұл жауапкершілікті терең сезінеді. Олар әскери міндетін атқарумен қатар, жергілікті халықпен де тығыз жұмыс жүргізіп келеді. Бұл – бөлімшенің моральдық-психологиялық тұрақтылығын көрсетеді. Шекараны күзету – бұл жай жұмыс емес, бұл – жүрек пен рухтың ісі», – дейді ол.

Жауынгерлік дайындық – күнделікті назардағы мәселе. Бөлімше бастығының орынбасары атап өткендей, әр сарбаз нақты бағыты бойынша өз міндетін жетік меңгеруі тиіс. Әрбір жаттығу – төтенше жағдайға сай сценарий-



мен жүргізіледі. Қарым-қабілетті жетілдіруге, техниканы меңгеруге, байланыс жүйелерімен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінеді. «Шынайы қауіп-қатер туындаған сәтте сарбаз мүдірмеуі тиіс. Сондықтан әр дайындық – шынайы соғыс жағдайына жақын ұйымдас-тырылады», – дейді ол.

Тәрбие және идеология сала-

сы да назардан тыс қалмайды. Бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып, сарбаздарға патриоттық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттау ісі үздіксіз жүргізіледі. Аға лейтенант Айбек Аскарович Саметовтың сөзінше, әр мереке мен атаулы күндер қарсаңында өткізіліп тұратын әскери-патриоттық шаралар,

спорттық сайыстар сарбаздардың рухани жетілуіне үлкен әсер етеді. «Бүгінгі жауынгер – ертеңгі ел қорғаны. Оларды тәрбиелеу – бұл ел болашағын тәрбиелеу», – дейді ол.

Бөлімшенің тағы бір ерекшелігі – ауыл халқымен байланыс орнатуда. Байторысай мен маңайдағы ауыл тұрғындары қатарынан

құралған ерікті жасақтар шекара тәртібін сақтау мен бақылауға белсене қатысып келеді. Олармен бірлескен іс-шаралар жоспарлы түрде жүзеге асырылып отырады.

Сонымен қатар, болашақ шекарашыларды дайындау мақсатында жастармен де жұмыс жолға қойылған. «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубы мүшелерімен жүргізілетін кездесулер, экскурсиялар мен ашық есік күндері жастардың шекара қызметіне деген қызығушылығын арттырып, Отанға деген сүйіспеншілігін күшейтуде.

«Байторысай» шекара бөлімшесі ерлік пен тәртіптің, рух пен отансүйгіштіктің үлгісі. Уақыт сынынан сүрінбей өткен бөлімше бүгінде шекара шебінде сенімді қалқан болып келеді. Мұнда қызмет атқару – үлкен абырой, ал оны адал атқару – әр шекарашының парызы. Қырағылықты серік еткен отансүйгіштікті өмірлік ұстанымға айналдырған бұл бөлімшенің еңбегі Шекара қызметінің жадында сақталары сөзсіз.



Лейтенант Ж. ШАРМАКОВ, «ОС-ЧР».
Суретті түсірген автор.

«ТАСМОЛА» – ЕЛ ШЕБІНДЕГІ ТЕМІРҚАЗЫҚ

«Ел шетін қорғау – ердің мойнындағы қарыз», – деп Қаракерей Қабанбай батыр айтқандай, ел шебінде ерлікпен қызмет ету – батырлық пен жауапкершіліктің айқын көрінісі. Осы ұлы мұрат жолында абыройлы міндет атқарып келе жатқан бөлімшелердің бірі Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Ақбұлақ ауылында орналасқан «Тасмола» шекара бөлімшесі. 2002 жылдың 17 қыркүйегінде ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының бұйрығымен құрылған бұл бөлімше – Қазақстан Республикасының батыс бағытындағы Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау ісінде аса маңызды нысан болып табылады. Жиырма екі жылға жуық тарихы бар шекара бөлімшесі бүгінде аймақ қауіпсіздігінің сенімді қорғаны.



«Тасмола» – тарихи мәні терең атау. Қазақ тілінде «тас» – жартас, қатпарлы тау жынысы, ал «мола» – зират, қорым деген мағына береді. Осылайша «Тасмола» – «тасты зират» немесе «жартасты бейіт» деген мағынаны білдіреді. Мұндай атау көне қорғандар мен тарихи жерлеу орындарына тән.

Айта кету керек, Қазақстанда ерте темір дәуіріне жататын Тасмола мәдениеті де бар. Бұл мәдениет адам мен жылқыны қатар жерлейтін бірегей дәстүрімен танымал Павлодар облысындағы Тасмола елдімекені атымен аталған бұл мәдениет ізі еліміздің түрлі аймақтарынан, соның ішінде Батыс Қазақстан жерінен де кездесуі мүмкін. Демек, Ақбұлақ ауылына жақын маңда осындай көне қорғандар табылып, ауылдың да, шекара бөлімшесінің де атауы осы тарихи негізге сүйеніп қойылған болуы ықтимал.

«Тасмола» шекара бөлімшесі тек шекараны күзетіп қана қоймай, шекара маңындағы елді мекендердің дамуына, тұрғындардың қауіпсіздік пен тұрақтылыққа деген сенімін нығайтуға үлкен үлес қосып отыр. Әскери бөлімшенің болуы – жергілікті тұрғындарға тұрақтылық, жастарға үлгі, ал мемлекетке – сенімді қорған.

Бөлімшенің сарбаздары мен офицерлері тек әскери шеберлігімен ғана емес, спорттағы жетістіктерімен де танылуда. Мәселен, 2020-2021 жылдары үздік қызметі үшін департаменттің аға сержанты Хасенов Ерлан марапатталса, 2023 жылы қоян-қолтық ұрыстан облыс чемпионы, Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері атанды. 2024 және 2025 жылдары қатарынан облыс чемпионатының күміс жүлдесін жеңіп алғаны – шекарашының тек қызметте ғана емес, спортта да елеулі



жетістікке жете алатынының дәлелі.

«Тасмола» шекара бөлімшесі – бұл жай ғана әскери құрылым емес, ол – ел тәуелсіздігінің, ұлттық қауіпсіздіктің тірегі, жас офицерлер мектебі, патриоттық рух пен тәртіптің ордасы. Ел шетін күзеткен ерлердің ерлігі мен еңбегі – болашақ ұрпаққа өнеге. Жартастай берік, темірдей тәртіпке бағынған бұл бөлімше ел үшін қызмет етуді басты мұраты еткен.


Шекара тыныш болса – ел де аман. Ал елдің амандығы – осындай жасампаз жігіттердің жанқияр еңбегі мен адалдығына тікелей байланысты.



Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ, «ОС-ЧР».
Суреттер шекара бөлімшесінен.

НА СТРАЖЕ НЕБА: СЛУЖБА В АЭРОПОРТУ КОСТАНАЯ

Международный аэропорт Костанай – не только транспортный узел, соединяющий регион с зарубежными и внутренними направлениями, но и важный пункт обеспечения государственной безопасности. Именно здесь расположено одно из подразделений Пограничной службы, специалисты которого ежедневно обеспечивают законность и порядок на рубеже воздушного пространства страны.



Служба в авиационном пункте пропуска требует особой сосредоточенности и дисциплины. В разгар туристического сезона количество рейсов возрастает в разы. Помимо регулярных направлений, сюда прибывают и специальные международные борты, в том числе с участием международных космических миссий. В таких условиях любое упущение может повлечь серьезные последствия, и именно поэтому военнослужащие Пограничной службы всегда остаются начеку.

Их главная задача – не допустить нарушений законодательства при пересечении Государственной границы. Это может быть использование чужих или недействительных документов, попытки провоза запрещенных веществ, нарушение миграционного режима или пересечение границы лицами, находящимися в розыске. Контроль осуществляется на всех этапах: от паспортной линии до зон досмотра багажа и транспортных средств.

В распоряжении подразделения – современная техника: автоматизированные рабочие места, системы биометрической идентификации, телескопические камеры, металлодетекторы, эндоскопы и другие средства углубленной проверки. Но главное – это профессионализм людей, которые умеют быстро принимать решения, работать в команде и сохранять спокойствие в любой ситуации.

В отделении пограничного контроля «Костанай» служат профессионалы своего дела, прошедшие подготовку в учебном центре города Державинск. Ежедневно здесь проходят тренировки по действиям в нестандартных ситуациях – будь то экстренная посадка, агрессивный пассажир или потенциальная угроза.

Прошедший год стал показательным: выполнен целый ряд оперативных заданий, предотвращены правонарушения, связанных с пересечением границы. Все это – результат слаженной, четкой и незаметной для постороннего взгляда работы.

Служба в аэропорту – это не только контроль и проверка, но и активная общественная работа. Ежемесячно здесь проводятся встречи с учащимися в рамках клуба «Жас шекарашы», организуются мероприятия с участием ветеранов и тружеников тыла. Внутри коллектива также проводится работа по укреплению сплоченности.

Пассажиры нередко выражают искреннюю благодарность военнослужащим за внимательность и профессионализм. А сами пограничники являются примером сочетания строгой дисциплины и человечности. Именно такие люди охраняют наши воздушные ворота, обеспечивая безопасность страны на высоте.



Лейтенант Н. САКЕН,
«ОС-ЧР».
Фото из отделения
пограничного контроля.

ҚЫЗМЕТ

ШЕКАРА ТІРЕГІ – СЕНІМДІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Тәуелсіз елдің қауіпсіздігін қорғауда шекара қызметінің орны ерекше. Ал сол шептегі сарбаздың денсаулығы – ел тыныштығының кепілі. Осы орайда, ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментінің медициналық қамтамасыз ету бөлімшесі айрықша маңызға ие. Жауапты бөлімше тұрақты тәртібі мен жеке құрамның жауынгерлік қабілетін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Майор Нұрсұлбек Жәлдәуұлұлы Әбдіхалықов басқаратын ұжым күннің аптап ыстығына, аумақтың күрделі климаттық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайына қарамастан, шекара шебіндегі жауынгерлерге уақытылы әрі сапалы медициналық көмек көрсетіп келеді.



Мақсат – денсаулықты сақтау, міндет – қауіпсіздікті нығайту.

Бөлімшенің қызметі тек алғашқы көмекпен шектелмейді. Олар профилактикалық шаралар мен санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізіп, созылмалы және жұқпалы аурулардың алдын алуға басымдылық береді.

Сонымен қатар, бөлімшеде медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету, жарақат алған немесе ауыр науқас әскери қызметкерлерді қауіпсіз әрі жедел эвакуациялау, медициналық кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жолға қойылған. Бөлімшеде терапевттер, фельдшерлер, медбикелерден құралған білікті мамандар қызмет атқарады. Олар заманауи диагностикалық құрылғылар мен жылжымалы медициналық көшпенді тіімді қолдана отырып, кез келген жағдайда көмек көрсетуге дайын.

Әскери тәртіп пен жауынгердің моральдық-психологиялық жағдайы – тікелей денсаулығына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Түркістан облысындағы медициналық қамтамасыз ету бөлімшесі – тек денсаулық сақтаушы емес, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды буын.

Әскери тәртіп пен жауынгердің моральдық-психологиялық жағдайы – тікелей денсаулығына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Түркістан облысындағы медициналық қамтамасыз ету бөлімшесі – тек денсаулық сақтаушы емес, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды буын.



Майор
Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР».
Суреттер
департаменттен

(Басы 1-бетте)

ЖАУЫНГЕРЛІК РУХТЫ ШЫҢДАҒАН ДОДА

физикалық дайындығы мен психологиялық төзімділігінің жоғары деңгейде болуы. Олар көшпенді дайындықтан өткен, әртүрлі экстремалды жағдайларда іс-қимыл жасауға үйретілген. Сонымен қатар, қатысушылар арасында жас сарбаздар мен тәжірибелі офицерлер де бар. Бұл командалардың үйлесімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Жалпы, «Арнайы жасақ ойындары» - кәсіби деңгейі жоғары, бірігіп жұмыс істей білетін, ерекше дайындық пен күшті рухты талап ететін әскери қызметшілердің дода алаңы.

Жарыс ҰҚК Шекара академиясының далалық оқытуды қамтамасыз ету басқармасының әскери оқу-жаттығу базасының арнайы алаңында өтті. База заманауи құрал-жабдықтармен, кедергілермен, қауіпсіздік шараларымен толық қамтамасыз етілген. Жарыс алаңы табиғат жағдайына сай, кең және әр түрлі физикалық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін жер болды.

Бірнеше күнге созылған шараның әр күні алдын ала дайындалған бірнеше нақты кезеңнен тұрды. Осылайша қатысушыларға әр сынаққа дайындалу үшін уақыт берілді. Жарыс күні басталар алдында қатысушыларға техникалық және қауіпсіздік нұсқаулықтары толық беріліп, барлық құрал-жабдықтар мен медициналық қызметтер дайын тұрды. Бұл ҚР ҰҚК Шекара қызметі Анайы жасақ басқармасы қатысушылардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлгенін көрсетті.

«Арнайы жасақ ойындары» – шекара қызметінің кәсіби шеберлігін, жауынгерлік дайындығын, тактикалық және физикалық әлеуетін айқындайтын маңызды іс-шара екені анық. Жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен келген арнайы мақсаттағы бөлімшелер барынша мұқият дайындықпен қатысып, жоғары жауынгерлік дайындықтарын көрсетті.

Әрбір топ пен әр әскери қызметші жарысқа тек физикалық тұрғыда ғана емес, рухани жағынан да дайын екенін дәлелдеді. Жауын-



герлердің тапсырмаларды орындаудағы жедел шешім қабылдау қабілеті, ұйымшылдық пен топтық келісімге негізделген әрекеттері, қаруды сауатты қолдануы мен тактикалық қимылдары, табандылығы мен төзімділігі - әр кезеңде көрініп тұрды.

Сайысқа қатысқан бөлімшелер жарыстың күрделі әрі тосын жағдайларына бейімделіп, арнайы жасаққа тән тәртіп пен тәрбие арқылы қиындықты еңсере білді. Бұл - өз ісіне адал, Отан алдында берген антына берік жауынгерлердің сапында тек нағыз мамандардың қызмет етіп жатқанын көрсетті. Шекара қызметінің әр өңірінен келген командалар - өз аймақтарында үздік деп танылып, тәжірибе мен шеберлікті ұштастырған жауынгерлерден құралған. Олар бұл жарысты тек бәсеке ретінде емес, Отан алдындағы борыш пен әскери

ар-намысты тағы бір мәрте дәлелдейтін сын сағаты ретінде қабылдады.

Ойын барысында байқағаным - команданың әр сарбазы - кәсіби дайындалған, шұғыл жағдайда шешім қабылдауға, кез келген тапсырманы мүлтіксіз орындауға қабілетті жауынгер екендігі.

Осылайша бірнеше күнге созылған 2025 жылғы «Арнайы жасақ ойындары» өз мәресіне жетіп, нағыз жауынгерлік рух пен кәсіби шеберліктің көрінісіне айналды. Әрбір сайыс, әрбір сынақ - қатысушылардың төзімі мен тактикалық дайындық деңгейін, топтық үйлесімділікті, жылдам әрі дұрыс шешім қабылдау қабілетін сынады. Енді, міне, сол қиын белестерден сүрінбей өткендер лайықты марапатқа ие болар сәт те жетті.

Салтанатты марапаттау рәсімі Шекара қыз-

меті Директорының бірінші орынбасары – Бас штаб бастығы полковник Бауыржан Абсаматовтың құттықтау сөзімен басталды. Ол арнайы жасақ жауынгерлерінің кәсіби дайындығы мен Отан алдындағы адалдығына жоғары баға беріп, жарыстың әр сәті ерлік пен тәртіптің, намыс пен қайраттың мектебіне айналғанын атап өтті.

Марапаттау рәсімінде төмендегі номинациялар бойынша үздіктер анықталып, құрметке бөленді: «Үздік атқыш» - ефрейтор Еламан Райханов (Ақтөбе облысы бойынша департамент), «Үздік оқшашаршы» - кіші сержант Николай Пожарский (Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті), «Үздік мерген» - аға сержант Владимир Кузнецов (Павлодар облысы бойынша департаменті), «Үздік топ бастығы» - капитан Райымбек Досан (Бейнеу шекара басқармасы).

I орын - барлық сынақтарды өзгелерден ерте аяқтап, жоғары кәсібилігін дәлелдеген Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасына, II орын - тактикалық ептілік пен шешім қабылдаудағы үздік үйлесіммен жақсы нәтиже көрсеткен Күршім ауданы бойынша шекара басқармасына, III орын - Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасына бұйырса, «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясын - Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті алды. Марапаттау рәсімі әскери салтанатқа сай жоғары деңгейде өтті. Әскери командалардың жүлделі орындардан көрінуі - тек құрмет қана емес, сонымен бірге болашақта да үміт пен жауапкершілік жүгін арқалауға үндейтін маңызды кезең.

Салтанатты бөлім соңында жарыстың ең әсерлі сәттері, күрделі кезеңдер мен жауынгерлердің ерлігінен көрініс тапқан 2025 жылғы «Арнайы жасақ ойындары» туралы бейнеролик көрсетілді. Мерекелік рәсім аяқталысымен сахна төрінде мерекелік концерттік бағдарлама ұсынылып, арнайы жасақ жауынгерлерінің құрметіне ән-күйлер шырқалды.

Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.

КӨРСЕТІЛІМ

ҚАРАОЙДА ӨТКЕН ҚАРБАЛАС



Осының барлығын өз көздерімен көріп, бастарынан кешірген сарбаздар қазір танымастай өзгерген. Әрине, жақсы жағынан. Олар мамыр айының басында ғана салтанатты сапқа тұрып, Отанына адал қызмет етуге ант берген. Бұл үшін уақыттарын техникалық және кәсіптік даярлау бөлімінің саптық алаңында сағаттап өткізген сарбаздар үшін нағыз сынақ ҰҚК Шекара академиясының Қараойдағы оқу полигонында басталды.

– Полигонға алғаш аттану – әрбір сарбаздың есінде өшпестей жазылып қалатын ерекше сәт, – дейді Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы бастығының орынбасары – техникалық және кәсіптік даярлау бөлімінің бастығы полковник Сағадат Әуезов. Осы сәттен бастап, олар Әскери Жарғы талаптарына бағынуды, темірдей тәртіпке көнуді, ұжыммен бірлесіп әрекет етуді үйренеді.

Кеше ғана партада немесе арнаулы және жоғары білім ошақтарының аудиторияларында отырған жас жігіттер бүгін нағыз әскери өмірдің дәмін татып, жүктелген жауапкершілікті сезіне бастайды. Сонымен қатар, ел шебіне қажетті мамандық түрлерін үйреніп шығады. Мәселен, аспаз, санитарлық нұсқаушы, байланыс мамандары. Қазіргі кезде полигонда «Арнайы дайындық» сабақтары өтуде. Мұнда барлығы бар: әскери ұрыс машинасын өзінің үстінен өткізіп барып, артынан оқу гранатасын лақтырып, оның жағармай багіне дәлдеп тигізу, автоматтан нысана көздеу...

Бөлім басшысының айтуынша, бүгінгі күні 500-дей сарбаз өздерінің шекарашылық шеберліктерін шыңдау үстінде екен. Оның ішінде 200-ден астам сарбаз аспаздықтың қыры мен сырын үйренуге ден қойса, шекара шебіне 80-нен аса санитарлық нұсқаушы

Көктем айында әскерге алынған жас сарбаздар үшін далалық оқу жаттығулары қызу басталғанына да біраз уақыт өтті. Бұл – қала іргесіндегі полигондағы көрсетілім сабақтары, түрлі жаттығулардан тұратын ауыр сынақтар – саптық дайындық, атыс қаруларымен танысу, тактикалық қимылдар мен жергілікті жерді бағдарлау, ұрыс жағдайында алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері, далалық өмірге бейімделу болып келеді.

аттанатын болады. Ал қалғандары байланысшылар болмақ.

...Біз жоғарыда сарбаздардың танымастай өзгергенін бекер жазған жоқпыз. Өйткені, олар мұндай дайындықтардан өздерінің патриоттық рухтарын шыңдайды. Ұйқысы аз, жүктемесі көп болса да, әрбір тапсырма – шыңдалудың жолы. Мұнда сарбаздар бір-біріне жақында ғана танысқан дос емес, полигондағы шыңдалу

да ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің базасында өткен күндер мен айлар – сарбаздардың жадында өмір бойы сақталып қалады.

– Сондықтан да полигоннан оралған сарбаздың жүзінде бұрынғыдай балаң аңғалдық емес, салмақты көзқарас, сабыр мен өзіне деген сенімділік байқалады. Бұл – біздің диттеген мақсатымызға біртіндеп жақындап келе

Іе, сардар дұрыс айтып тұр еді. Полигонда өткен көрсетілім сабақтары – осының айқын дәлелі.

...Осындайда ойға оралады, аталған шекара басқармасының Ақжардағы оқу базасының табалдырығынан алғаш рет қадам аттаған жас жігіттерді күтіп алушылардың бірі болдық. Мақсат түсінікті, «Көктем - 2025» шақырылымының сарбаздарын қарсы алу шарасын суретке түсіріп, мақала дайындау. Міне, осы сәт, көліктен түсіп жатқан жас жігіттердің әсіресе дене тұрқылары әр түрлі еді... Жастардың «жеңсік» астары мен сусындары, азаматтық өмірдегі бейғам күндері өз деңгейін істеп үлгерген... Есесіне, бүгін сондағы көрініс келмеске кеткен: біздің қарсы алдымызда сымша тартылған сұңғақ бойларына әскери формалары жарасқан келбетті жігіттер тұр! Қараойда өтіп жатқан қарбалас күндердің жемісі.

Шекараға да осындай тау мүсінділер қажет екені айтпаса да түсінікті!

Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суреттер шекара басқармасынан алынды.



мектебінен бірге өткен қарулас болуды үйренеді. «Бұл ән басқаларынан өзгереді...» демекші, сосын

жатқанымызды білдіреді, – дейді полковник С.Әуезов бізбен сұхбатында.

ҚАРУЛЫ ҚАУІПКЕ — ТЕМІРДЕЙ ДАЙЫНДЫҚ

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінде шекаралық қауіпсіздікті күшейту мақсатында кешенді оқу-жаттығу өткізілді. Оқу-жаттығуға Жамбыл, Меркі және Қордай аудандары бойынша шекара басқармаларының жеке құрамы белсене қатысты. Бұл жолғы оқу-жаттығудың басты мақсаты — мемлекеттік шекара арқылы қарулы түрде заңсыз өтпек болған шартты бұзушылардың күшін жою, шекаралық бөлімшелердің жедел іс-қимылын және өзара әрекеттесуін пысықтау болды.



Жаттығу барысында жеке құрам күшейтілген жауынгерлік әзірлік жағдайында әрекет етуді үйреніп, қарулы топтардың шекаралық аймаққа енуінің алдын алу және оларды бейтараптандыру бойынша тактикалық тапсырмаларды орындады. Шекаралық нарядтардың, мобильді резервтердің және арнайы топтардың үйлесімді қимылдары сыналды.

Шартты түрде белгіленген бағыттар арқылы «қарулы бұзушылардың» топтары шекара сызығын кесіп өтпек болған жағдайда қолданылатын іс-шаралар пысықталды. Шекара бөлімшелері жедел түрде дабыл бойынша көтеріліп, жауынгерлік ретке келтірілді. Әуе барлаумен ұшқыссыз ұшу құрылғылары, бақылау бекеттері, тосқауыл орнату және қоршау әрекеттері тиімді түрде жүзеге асырылды.

Жамбыл, Меркі және Қордай аудандары бойынша шекара басқармаларының жеке құрамы кәсіби шеберліктерін, дайындық деңгейінің жоғарылығын көрсетті. Әр бөлімшенің өзіне тиесілі

міндеттерін үйлесімді түрде орындауы оқу-жаттығудың сәтті өтуіне негіз болды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Гани Абдрасулович Бекмурзаев оқу-жаттығу қорытындысы бойынша бөлімшелердің дайындығын оң бағалады. Шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы мұндай жаттығулар жеке құрамның тәжірибесін байытып, кез келген жағдайға дайын болуға жетелейді.

Алдағы уақытта да осындай ауқымды жаттығулар жүйелі түрде жалғасатын болады. Себебі мемлекеттің аумақтық тұтастығын сақтау мен шекара тыныштығын қорғау — шекарашының қастерлі борышы.



**Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«ОС-ЧР».**
Суретті
түсірген автор.

ЖИЫН

ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен шекаралық кеңістікте заңсыз қарулы құрамаларды анықтау және жою мақсатында жедел-тактикалық оқу-жаттығулар өткізілді. Оқу-жаттығу жоспарына сәйкес, заңсыз қарулы құрамалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын құрлықтық және теңіз бағыттары арқылы кесіп өтіп, өңірдегі ахуалды тұрақсыздандыруды көздеген. Аталған жағдайға жедел әрекет ету және содырларды жою үшін оқу-жаттығу жетекшісі арнайы шекара операциясын өткізу туралы шешім қабылдады.



Жедел-тактикалық оқу-жаттығу үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде шекаралық кеңістікте заңсыз қарулы құрамаларды іздестіру және жою бойынша арнайы операцияға дайындық пен оны өткізу аясында басқару органдарының бірлескен штабтық жаттығулары өткізілді.

Екінші кезеңде жеке құрам «Дабыл» пәрмені бойынша жауынгерлік дайындыққа келтіріліп, бөлімшелер 350 шақырымдық марш жасап, оқу-жаттығу өтетін ауданға жетті, ал шекаралық кемелер тактикалық топ құрамында теңізге шықты.

Бұл кезеңде әскери қызметшілер жолдың күрделі учаскелерінде кедергілерден өту, оның ішінде үйінділер, өрт және түтін пердесі аймақтарынан өту бойынша тапсырмаларды пысықтап, колоннаға шабуыл жасаған диверсиялық-барлау тобының әрекетіне тойтарыс берді.

Соңғы үшінші кезеңде бөлімшелер шекара нарядына

жасалған қарулы шабуылға қарсы тұрып, заңсыз қарулы құрамаларды іздестіріп, анықтап, жойды және тұрақты орналасу пункттеріне қайта оралды. Шекара кемелерінің экипаждары Каспий теңізіндегі мемлекеттік шекараны қорғау шараларын орындады.

Қорытындысында оқу-жаттығу жетекшісі полковник Санат Жұманов, жедел-тактикалық оқу-жаттығу барысында қойылған барлық мақсаттар мен міндеттердің толық көлемде орындалғанын және бөлімшелердің жоғары жауынгерлік дайындық деңгейіне қол жеткізілгенін атап өтті:

— Департаменттің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен ұйымдастырылған оқу-жаттығулар шекаралық кеңістікте туындайтын қауіптерге жедел әрекет ету және іс-қимылдарды үйлестірудің тиімді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл — шекаралық

операцияларды жоспарлау мен өткізудің бірыңғай тәсілін орнықтыруға сеп болады. Мұның барлығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында қауіпсіздік пен ұлттық мүдделерді қорғау ісінде маңызды рөл атқарады, — деді Санат Жұманов.

Оқу-жаттығу қорытындысы бойынша ерекшеленген әскери қызметшілер департамент басшысының атынан көтермеленді.



**Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР».**
Суреттерді
түсірген автор.

ШЕКАРА КҮЗЕТІНДЕГІ СЕНІМДІ ТҰЛҒА

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Семей шекара басқармасына қарасты «Ауыл» (автомобильді) шекаралық бақылау бөлімінің 3-бөлімшесіне басшылық етіп отырған майор Жанерке Жотабаева – ел шекарасын күзетуде ерекше жауапкершілік пен табандылық танытып жүрген офицерлердің бірі. Оның өмір жолы мен қызметтік тәжірибесі әскери ортадағы әйел мамандардың лайықты өкілі екенін айқын көрсетеді.



Жанерке Манапханқызы 1979 жылы қазіргі Абай облысы Үржар ауданы Үржар ауылында дүниеге келген. 1986–1997 жылдары Мақаншы ауылындағы М.И.Калинин атындағы орта мектепте оқыған. Бала күнінен Отанға қызмет етуді армандаған Жанерке бұл арманын мақсатқа айналдырып, өмір жолын әскери қызметпен байланыстырды.

Алғашқы жоғары білімін 2000–2002 жылдары Орта Азиялық университетте қаржы-экономика мамандығы бойынша алған ол, кейін 2008–2009 жылдары ҚР ҰҚК Әскери институтында кәсіби әскери білімін жалғастырып, шекара бақылау офицері ретінде даярланды.

Ж.Жотабаева еңбек жолын 2009 жылы «Шемонайха» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімінде аға бақылаушы ретінде бастады. 2011–2012 жылдары «Семей» (әуе) шекаралық

бақылау бөлімінде, ал 2012–2017 жылдар аралығында «Үбе» (автомобильді) шекаралық бақылау бөлімінде аға бақылаушы лауазымында абыройлы қызмет атқарды. 2017 жылдан бері «Ауыл» (автомобильді) шекаралық бақылау бөлімінің сапында жұмыс істеп келеді. 2025 жылдың 23 сәуірінде 3-бөлімшенің бастығы лауазымына тағайындалды.

Майор Ж.Жотабаева басшылық ететін бөлім тәулік бойы үздіксіз қызмет атқарады. Мемлекеттік шекараны күзету, шекара тәртібін сақтау, заңсыз көші-қон, контрабанда мен өзге де құқықбұзушылықтардың алдын алу – олардың күнделікті қызметінің басты бағыты. Бұл – қырағылық пен кәсіби шеберлікті, әрі әскери тәртіпке деген адалдықты талап ететін маңызды міндет.

Әскери қызметтегі басты жетістігі ретінде Жанерке Манапханқызы өз ісіне деген адалдығын және бөлімшенің табысты жұмысын айтады. Басшылық еткен жылдар ішінде ұжымы бірнеше рет марапатталып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Бұл – ұжымдық еңбектің жемісі.

Жанерке – үш қыздың анасы. Жолдасы Жотабаев Жанарбек Мұхаметқалиевич те Шекара қызметінде. Бір салада қызмет етіп, бірін-бірі жақсы түсінетін ерлі-зайыптылар отбасы – өзара қолдаудың, түсіністіктің, бірліктің үлгісі.

Ол бүгінде тәжірибесімен бөлісуге дайын, жаңа міндеттерге құлшыныспен кірісуге әзір сенімді офицер. Шекара күзетіндегі сенімді тұлға, отбасының тірегі әрі шабыт көзі – Жанерке Манапханқызы шекара қызметінің абыройын арттырып, ел тыныштығының көпірі болып жүр.

Лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет басқармадан.

МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҮЗДІГІ, ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Тыныш таңның, бейбіт кештің, еркін өмір мен алаңсыз күлкінің артында аянбай тер төгіп, ерен еңбек етіп жүрген шекара сақшыларының еңбегі қашанда жоғары бағаланады. Солардың бірі - ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Қорғас шекаралық бақылау басқармасы Қорғас шекаралық бақылау бөлімінің топ офицері капитан Гүлбану Кәріпбекова.

Гүлбану Жанұзаққызы – тағылымы мол отбасында өсіп, ұлттық тәлім мен адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп өскен ардақты қыз. Көп балалы анадан тараған өнегелі ұрпақтың бірі ретінде ол бала күнінен еңбекқорлық пен тәртіпке бейім болды. Әке мен ананың қарапайым да салмақты тәрбиесі оны өмір жолында тура жүруге баулыды.

Білімге құштарлық пен табандылық оны заң саласына алып келді. Орталық Азия университетін бітірген соң, көпшіліктің қолы бара бермейтін жауапты әрі қатал тәртіпті талап ететін әскери қызмет жолын таңдады. 2008 жылдан бастап шекара қызметінде еңбек етіп келе жатқан Гүлбану Жанұзаққызы бұл саланың қыр-сырын терең меңгеріп, уақыт өте келе шынайы маман офицер ретінде қалыптасты.

Бүгінде капитан Гүлбану Кәріпбекова – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Қорғас шекаралық бақылау басқармасына қарасты Қорғас шекаралық бақылау бөлімінің топ офицері. Ол - шекаралық бақылау барысында шетелден келетін азаматтардың құжаттарын мұқият тексеріп, паспорттық және жеке тексеру тәртібін қатаң сақтай отырып орындайтын, аса жауапты қызметтің сенімді өкілі.

Шекара сызығы - жай ғана сызылған жол емес, бұл елдің егемендігі мен тыныштығының нақты шегі. Ал сол шепте ерлермен қатар аянбай еңбек етіп жүрген әйел офицерлердің арасында Гүлбанудың орны ерекше. Ол өз ісіне деген адалдығымен, ұқыптылығымен және тәртіптілігімен ұжымына үлгі. Оның қызмет барысындағы табандылығы мен ұқыптылығы бірнеше мәрте марапатқа ие болып, басшылық тарапынан алғыс хаттар мен мадақтамалар арқылы бағаланғаны - сөзімізге дәлел.

Капитан Гүлбану Кәріпбекова - тек шекара сақшысы ғана емес, сонымен қатар туған жеріне деген махаббаты шексіз жан. Ол өмірінің бір кезеңінде Кегенге қайта оралып, туған топырағына қызмет етуге бел буған.



Бұл - нағыз патриоттың, елін шын сүйетін адамның жүрегінен туған шешім. Мұндай жандар елді шынымен биікке бастары сөзсіз.

Гүлбану Жанұзаққызы – нәзік жан иесі бола тұра, темірдей тәртіпке негізделген саланың ауыртпалығына мойымай келе жатқан қайсар қыз. Ол үшін шекараны күзету - жай ғана міндет емес, бұл - ұлттық мүддені қорғау, болашақ ұрпаққа бейбіт өмір сыйлау жолындағы қасиетті парыз.

Мұндай адамдардың өмір жолы мен еңбегі жас ұрпаққа үлгі, елге қорған. Капитан Гүлбану Кәріпбековадай мамандар - тыныштығымыздың тірегі, қауіпсіздігіміздің көпірі.

Қорытындылай келе, ел шебінде ел намысын арқалап, тыныштық күзетінде тұрған капитан Гүлбану Кәріпбекова – шынайы кәсіби шебер, адал қызметкер және заманауи әскери әйел бейнесінің жарқын үлгісі. Ол – өз ісінің үздігі, ел қорғаны!

Подполковник
М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.

ҚЫЗМЕТІМЕН ЕРЕКШЕ

Мемлекеттік шекара тәуелсіз елдің тұтастығы мен қауіпсіздігінің басты тірегі. Ал сол шекара шебінде қалтқысыз қызмет етіп жүрген әрбір әскери қызметшінің тағылымды еңбек жолы нағыз ерлікке толы өмірбаян. Солардың бірі Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментінде қызмет атқаратын өз ісінің білікті маманы - ефрейтор Канафин Самат Бисембаевич. Самат 1987 жылы Павлодар облысы, Железин ауданына қарасты Михайловка ауылында дүниеге келген. Бала күнінен еңбекқорлықты ту етіп өскен ол арман қуып, Павлодар қаласындағы Колледжде, кейін Университетте «қаржы» мамандығы бойынша білім алып шығады. Алайда, бейбіт өмірде алған білімін шекара шебінде ел игілігіне жарату жас жігіттің жүрегіндегі патриоттық сезімнің көрінісі болды.

Әскери борышын абыроймен өтеген соң, 2011 жылы ҰҚК Шекара қызметінің сапына қабылданады. Алғашқы еңбек жолын туған ауылындағы «Желтоқсан» шекара застава-сынан бастаған ол өзінің жауапкершілігі мен тәртіпке беріктігінің арқасында көп ұзамай Үрлітөбе автомобильді шекаралық бақылау бөлімшесіне ауыстырылады. Мұнда ол кіші бақылаушы, бақылаушы, бақылаушы-оператор, техник-бақылаушы секілді әртүрлі лауазымдарды атқарып, өз ісіне адалдығымен ерекшеленеді.

Қызмет барысында ефрейтор С.Канафинге қойылатын талаптар жоғары. Шекарадан өтетін көліктер мен жүктердің, жолаушылардың қол жүктері мен багаждарының жіті тексерілуі оның күнделікті міндеті. Рентген құрылғысы «Rapiscan» аппаратының көмегімен көлік ішіндегі рұқсат



етілмеген заттарды анықтауда оның тәжірибесі мен қырағылығы талай мәрте дәлелденді.

2024 жыл ішінде шекаралық бақылау кезінде Саматтың тікелей қатысуымен бірқатар заңбұзушылық фактілері анықталды. Атап айтқанда, заңсыз түрде өткізуге тырысқан шетел валютасы, суық қару (пышақтар), электрошок құрылғылары, оқ-дәрілер, травматикалық тапанша, браконьерлік жолмен алынған ет және киік мүйіздері, бекіре тұқымдас балық (стерлядь), сондай-ақ тиісті талаптарға сай келмейтін жанар-жағармай тасымалының жолы кесілді.

Осындай кәсіби шеберлігі мен жоғары деңгейдегі қырағылығы үшін ол 2024 жылдың қорытындысы бойынша Павлодар облысы бойынша департаменттің «Көлік құралдары мен жүктерді тексеру бойынша үздік маманы» атағына лайық деп танылды.

2025 жылдың сәуір айында Самат отбасылық жағдайға байланысты Павлодар қаласына ауысып, кіші бақылаушы-жүргізуші лауазымына тағайындалады. Жаңа ортаға тез бейімделіп, қызметін сол қалпында кәсіби деңгейде жалғастырып келеді.

Самат қызметтен бос уақытында спортпен шұғылданып, дене дайындығын шыңдауды әдетке айналдырған. Отбасында екі бала тәрбиелеп өсіріп отырған үлгілі әке. Жан жары аудандық ауруханада терапевт дәрігер болып еңбек етеді.

Ел шебінде аянбай қызмет етіп жүрген Самат секілді шекарашылар еліміздің берік қорғаны. Қырағылық пен адалдықты серік еткен оның еңбек жолы өзге шекарашыларға үлгі боларлықтай.



Майор
Г. САДЫКОВА,
«OS-ЧР»
Суретті түсірген
автор.

МЕДСЕСТРА С ДОБРЫМ СЕРДЦЕМ!

В каждое третье воскресенье июня в Казахстане отмечается День медицинского работника – праздник тех, кто посвятил свою жизнь заботе о здоровье людей и спасению жизней. В этот день мы отдаем должное медработникам за их самоотверженность, профессионализм и душевную теплоту.



– Стоит только прийти к ней за медицинской помощью – она встречает с улыбкой, шутками, теплыми словами: «Что с тобой, какие проблемы?» От ее участия на душе становится легче, словно силы возвращаются.

Работа Дарихи Ахметовой – это ежедневный труд, сопряженный с большой ответственностью. На ее плечах контроль за состоянием здоровья военнослужащих: солдат, офицеров, контрактников. Она проводит медицинские осмотры, оказывает первую помощь, следит за своевременной вакцинацией, консультирует по профилактике заболеваний и просто поддерживает словом.

В преддверии профессионального праздника хочется пожелать нашей героине крепкого здоровья, семейного благополучия, неиссякаемой энергии и благодарных пациентов.

Благодаря таким медицинским работникам, как Дариха Ахметова, в Пограничной службе КНБ царит уверенность в завтрашнем дне.

**Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР».
Фото сержанта
А. БЕКТАСОВОЙ.**

«ӨМІРЛІК МАМАНДЫҒЫМ»

Қазақстан шекарасында ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету — тек қана жауынгерлік міндет емес, ол әскери қызметшілердің денсаулығына қамқорлық жасауды да талап ететін жауапкершілік. Осы маңызды бағытта Қостанай облысы бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметі департаментінің медициналық қамтамасыз ету тобының бастығы капитан Берік Бақытжанұлы Жұматай лайықты қызмет атқарып келеді.

Берік Бақытжанұлы Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданына қарасты Қызылжар ауылында дүниеге келген. Балалық шағында әкесі келісімшарт бойынша шекара әскерінде қызмет етіп, әскери киім кигенін көріп, оның үлгісіне қарап, әскери болуды армандаған.

— Әкемді әскери киім нысанында көрген сайын кеудемді мақтаныш кернейтін. Ол бізді елдің соңғы шебінде қорғап тұр деп сенетінмін, — деп еске алады капитан Жұматай.

Дегенмен, ата-анасы оның әскери оқу орнына түсуіне бірден келісім бермеген. Ұлының таңдауына түсіністікпен қарап, олар Берікті Қарағанды мемлекеттік медицина университетіне жіберді. Ол жерде Берік «жалпы хирургия» мамандығын меңгеріп, әскери кафедрада да білім алды. Университетті тәмамдаған соң Қорғаныс министрлігі тарапынан ұсыныстар түссе де, ол жүрегі қалаған жолды — Шекара қызметін таңдады. Өйткені бұл әкесі жүріп өткен жол болатын.

2018 жылдың 15 қазанында Берік Бақытжанұлы Сарыағаш қаласындағы 2020 әскери бөлімге шақырылып, алғашқы қызмет жолын сол жерде бастады. Оның алғашқы командирі полковник Б.Абсаматов болып, жас офицердің кәсіби қалыптасуына үлкен үлес қосты.

2021 жылдың наурыз айында құрылымдық өзгерістерге байла-

нысты ол Шекара қызметінің Қостанай облысы бойынша департаментіне ауыстырылып, медициналық қамтамасыз ету тобының офицері ретінде қызметін жалғастырды. Өз ісіне адалдық пен жауапкершілігінің нәтижесінде бүгінде ол аталған топтың бастығы болып қызмет етеді.

Капитан Жұматайдың міндетіне департаменттің барлық жеке құрамын медициналық қамтамасыз ету кіреді. Ол — күнделікті медициналық бақылауды ұйымдастырып, алғашқы көмек көрсету, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды бақылау, профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет етуге дайын болу сынды жұмыстарды үйлестіреді.

Оның жұмысы — жай дәрігерлік қызмет емес. Бұл — әрбір шекарашының өмірі мен денсаулығына деген жауапкершілік пен шынайы жанашырлық. Медициналық қызметтің сапасы мен жүйелі жұмысы — бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен тұрақтылығының кепілі.

— Мен әскери киім нысанын кию үшін емес, шынайы көмек көрсету үшін қызмет етемін. Мақсатым — алдыңғы шепте жүрген сарбаздарға шын мәнінде пайдалы болу. Мен үшін Шекара қызметі —



мақтаныш, ал медицина — өмірлік мамандығым, — дейді капитан Берік Бақытжанұлы.

Шекарадағы әскери дәрігер болу — бұл тек кәсіби шеберлік емес, бұл — ерлік, адамгершілік және әр жауынгерге деген қамқорлық. Осындай офицерлер тұрғанда ел шебін қорғаушылардың денсаулығы сенімді қолда екені сөзсіз.



**Лейтенант
Н. САКЕН,
«OS-ЧР».
Сурет
Б.ЖҰМАТАЙДЫҢ
жеке мұрағатынан.**

ҮЗДІК

ШЫН ЖҮРЕКТЕН АТҚАРЫЛҒАН АДАЛ ҚЫЗМЕТ

Тыныштық — Тәуелсіздіктің тірегі. Ал сол тыныштықты күзетіп, ел шебінде қалтқысыз қызмет етіп жүрген шекарашы сарбаздардың еңбегі қандай құрметке де лайық. Осындай ерлердің бірі — Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Тұрбат ауылының тумасы Шекара қызметінің үздігі сержант Сауран Ғаниұлы Айдаров. 1986 жылы дүниеге келген Сауран бала кезінен тәртіпке, елге қызмет етуге бейім болып өсті. 2003 жылы орта мектепті аяқтап, 2008-2009 жылдары «97617» әскери бөлімінде әуе қорғанысы саласында Отан алдындағы борышын абыроймен өтеді.



1986 жылы дүниеге келген Сауран бала кезінен тәртіпке, елге қызмет етуге бейім болып өсті. 2003 жылы орта мектепті аяқтап, 2008-2009 жылдары «97617» әскери бөлімінде әуе қорғанысы саласында Отан алдындағы борышын абыроймен өтеді. Ал 2010 жылдың 25 қаңтарынан бастап Төлеби аудандық шекара басқармасының «Тұрбат» шекара бөлімшесінде қызметке кірісті. Қазіргі таңда — мобильдік топтың бастығы, яғни бөлімше командирі. Сержант Айдаров — өз ісінің шебері. Қызметке деген жауапкершілігі, кәсіби біліктілігі, тапсырманы бұлжытпай орындауы — оны әріптестері арасында беделді етті. Ол шекарашы інілеріне бағыт-бағдар беріп, үлгі болып жүр. Ел мен жердің амандығы үшін тәулік бойы тынымсыз еңбек етіп жүрген оның еселі еңбегі ел тарапынан да ескерусіз қалған жоқ. Ол 2017 жылы «Шекара қызметінің үздігі» медалімен, 2022 жылы Б.Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалімен марапатталған. 2024 жылы Түркістан облысы бойынша «Үздік аға шекара наряды» атағын иеленді.

Қызмет пен отбасын қатар алып жүрген Сауран — бес баланың үлгілі әкесі, елге сыйлы азамат. Жергілікті тұрғындармен етене байланысы арқылы шекара қауіпсіздігін сақтауға үлкен үлес қосып келеді. Ол — шекараның ғана емес, шаңырағының да қорғаны.

Сержант Сауран Айдаров — Шекара қызметінің айнасы. Оның еңбек жолы — жас сарбаздарға үлгі, елдің қорғанысында жүрген әр азаматқа жігер берер тағылымды өмір.

**Майор Р. АСАДИЛОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.**

АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТТЕН ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің қатарында талай жылдар бойы адал да абыройлы еңбек еткен полковник Афанасьев Александр Владимирович құрметті еңбек демалысына шықты.



Александр Владимировичтің Шекара қызметіндегі алғашқы қадамдары еліміздің шығыс өңірінен басталды. Қатал табиғаты мен күрделі ландшафты бар шығыстағы шекара заставаларында жас офицер кәсіби шыңдалып, нағыз шекарашының мінезін қалыптастырды. Таңмен таласа тұрып, күннің батуын бақылаған жас офицер үшін әр күн — жаңа сынақ, жаңа жауапкершілік болатын.

Одан кейінгі жылдары Қазақстанның әр өңіріндегі шекара бөлімшелерінде түрлі лауазымдарды абыроймен атқарып, өзінің қажырлы еңбегімен ерекшеленді. Әрбір жаңа қызмет орны — жаңа міндеттер мен жоғары жауапкершілікті талап етті. Александр Владимирович бұл сенімді толығымен ақтап, кәсіби біліктілігі мен басшылық қабілетін үнемі жетілдіріп отырды.

Жамбыл облысы бойынша департаменттегі қызметінің соңғы кезеңінде басқарма бастығы лауазымын атқарып, шекара қауіпсіздігін нығайту жолында аянбай тер төкті. Басқарма жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастырып, жеке құрам арасында бірлікті, тәртіпті, кәсіби рухты қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Оның басшылығымен көптеген маңызды іс-шаралар сәтті жүзеге асырылды.

Шекара күзету — бұл күн сайынғы қырағылықты, үздіксіз дайындықты қажет ететін күрделі де абыройлы міндет. Александр Владимирович бұл жолда өзінің адал қызметімен, темірдей тәртібімен, әділетті басшылығымен әріптестері арасында зор беделге ие болды. Оның өмірлік және кәсіби тәжірибесі жас офицерлер үшін үлгі болып қала бермек.

Зейнеткерлікке шығу — бұл тек бір белестің түйіні. Александр Владимировичке ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменттің жеке құрамы атынан зор алғысымызды білдіреміз. Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, отбасыңызға амандық, жаңа жетістіктер тілейміз.

Сіздің шекара қызметінде қалдырған өнегелі ізіңіз жас буын үшін мәңгілік үлгі болып қала бермек. Ел шекарасының тыныштығы мен қауіпсіздігі жолындағы сіңірген еңбегіңіз үшін шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз!

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ОГРАЖДЯ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ РУБЕЖИ

В год, посвященный рабочим профессиям, особенно важно рассказать о тех, кто обеспечивает безопасность страны не только оружием, но и с помощью инструментов, чертежей и сварки. Один из таких специалистов – старший сержант Батурин Адакасов, начальник группы изготовления инженерных преград управления снабжения «Ақтау» Пограничной службы КНБ.

Службу в пограничном ведомстве Батурин Садвакасович начал более 18 лет назад. С 2015 года он трудится в подразделении снабжения, где зарекомендовал себя как дисциплинированный, ответственный и технически грамотный сотрудник.

Основная задача старшего сержанта Б. Адакасова – изготовление и установка инженерных сооружений, обеспечивающих защиту государственной границы. Это оградительные заборы, противотранспортные рвы, сигнальные системы, спиральные заграждения и другие конструкции.

Только в 2024 году под его руководством было изготовлено и установлено более 70 километров оградений, 15 километров противотранспортных рвов и 6 километров различных инженерных заграждений.

По словам начальника управления полковника Анатолия Карелова, работа старшего сержанта Б. Адакасова – пример профессионального отношения к делу:

– Батурин работает с полной



отдачей и вниманием к каждой детали. Он наставляет молодых специалистов, помогает им словом и делом. Благодаря таким людям мы уверены в надежности нашей границы.

Офицер отмечает, что сержант старший сержант Б. Адакасов надежный и компетентный специалист, который не только в совершенстве владеет своей профессией, но и умеет грамотно организовать работу подчиненных. Благодаря его инициативности и высокому профессионализму все поставленные задачи выполняются в срок и на высоком уровне. Это человек, на которого всегда можно положиться.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото подполковника Б. САПАРАЛИЕВА.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ШЫНАЙЫ ЕҢБЕК

Еліміздің қауіпсіздігін күзететін шекара әскери қызметшілерінің өмірі – тек қатаң тәртіп пен жауынгерлік дайындықпен ғана емес, сонымен қатар күнделікті тұрмыстың тынысымен де тығыз байланысты. Осындай маңызды тұрмыстық тірліктің бір ұстыны – шекара бөлімшелеріндегі қызмет ететін аспаздар. Солардың бірі – «Жаңаталап» шекара бөлімшесінің аспазы Гүлжан Жанымханқызы Құтжанова.

Гүлжан Құтжанова 1971 жылы 1 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жаңа-Ауыл ауылында дүниеге келген. Балалық шағы мен білімінің алғашқы баспалдақтары туған ауылымен тығыз байланысты. Осы ауылда мектеп бітіріп, кейін Алматы қаласында жоғары оқу

жүріп, ол әрқашан жауапкершілікті бірінші орынға қойып келеді. Қазір жалғызбасты ана, бір қызы бар. Қызы тұрмыста, Алматы қаласында тұрады. Үш жиен немеренің ардақты әжесі.

2021 жылдан бастап ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Зайсан ауданы бойынша

да, әріптестері де оны ерекше құрметтейді. Себебі, Гүлжан Құтжанова үшін аспаздық — тек кәсіп емес, шын ниетпен атқаратын адал еңбек.

«Жаңаталап» шекара бөлімшесінің ұжымы үшін Гүлжан апай



орнына түсуді армандағанымен, бұл арман жүзеге аспады. Алайда ол жігерін жықпай, Алматы қаласындағы түрлі кафе-ресторандарда аспаз болып еңбек етті. Қала өміріндегі бұл тәжірибе оның шеберлігін шыңдап, кәсіби аспаз болуына жол ашты.

Гүлжан апай - төрт ағайынды отбасында дүниеге келген. Екі ұл, екі қыздан тұратын отбасының тұңғышы бола

шекара басқармасы «Жаңаталап» шекара бөлімшесінде аспаз болып қызмет атқарып келеді. Мұндағы сарбаздар мен офицерлер үшін Гүлжан апайдың дәмді ас-суы – күні бойғы шаршауды ұмыттырып, күш-қуат беретін басты тіректердің бірі.

Оның жұмысындағы басты ұстанымы — шынайылық пен тазалық. Әрбір тамақ — жүрекпен дайындалып, отбасының жылуы мен аналық мейірімі сіңгендей. Сарбаздар

— сенімді әріптес, өмірде де, жұмыста да үлгі болар жан. Оның адал еңбегі мен шынайы кәсібилігі — шекара қызметінің мызғымас тіректерінің бірі.

Майор Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Осы аптада 28 маусым – БАҚ қызметкерлерінің күніне орай, ҚР Ұлттық кітапханасының Н.Дәулетова атындағы залында ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен, «Тілші жанарында: «Шекара тынысы» атты брифинг өтті. Мұндағы мақсат, шекарашылар туралы қалам тербеп жүрген журналистермен жүздесіп қана қоймай, олардың ерен еңбектеріне алғыс білдіру.

...Жасыратыны жоқ, аталған шараны өткізу үшін біз өзінің ғасырлық тарихы бар Ұлттық кітапхананың Нәзира Дәулетова атындағы залын бекер «аттай» қалап алған жоқ едік. Қазақтың небір марғасқалары басқарып, классик жазушылардың рухани шаңырағына айналған кітапханада біздің де кітабымыз жазылып, өзіміздің шөліркеген көңілімізді осы жердегі тарихи дүниелермен басқан едік. Сосын да бір жағынан жақында ғана жарық көріп, ел шебіндегі оқырмандарымызға жол тартқан «Біз – Отанның берік қалқаны» атты департаменттің бес жылдығына арналғанымен, оның жүз жылдан асатын тарихын қамтитын тұңғыш туындының тұсауын кесу болатын. Бұл істі де тындырып, көңіліміз бірленген жайымыз бар...

...Шекарашылар туралы жазу үшін ең алдымен олар туралы білу керек. Сондықтан, біз бүгін департамент бастығы полковник Әлібек Каюповтың тікелей ұйытқы болуымен өткен шараға ел шебінің тынысына құлақ түріп, туған жердің шетінде жүрген жасыл құнқағарлылардың ауыр қызметін өз бастарынан кешірген қаламгерлерді шақырдық. Ал олар – еліміздің ата басылымдары «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» және облыстық «Алатау арайы», «Огни Алатау», «Уйғур авазы» аймақтық және этникалық бағыттағы басылымының, қалалық «Алматы ақшамы» және «Вечерняя Алматы» газеттерінің тілшілері. Сонымен қатар «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының, «Еуразия» Бірінші арна»,



«КТК» телеарналарының бас продюссерлері мен редакторлары. Олардың арасында департамент аясында өткен спорттық жарыстарды жұртшылыққа жеткізгенше асығатын «Qazsport» телеарнасының Алматы қаласындағы филиалының редакторы Азиз Тастаев та бар.

Алдымен алқалы жиынды департамент басшысы Әлібек Амангелдіұлы ашып, журналистер қауымын алдағы төл мерекелерімен құттықтап, шекарашылар туралы тербеген тұщымды дүниелері үшін алғыс білдірген соң шараның негізгі бөлімі – ашық диалог та басталған. Ал мұнда елімізге танымал журналист,

блогер, бүгінде «Еуразия» Бірінші арна» телеарнасында еселі еңбек етіп келе жатқан Полина Шиманская, екінші жағынан жылдардың бас кезінде көрермендерге жол тартқан «Дела Армейские» әскери-патриоттық бағдарламасының жауапты шығарушылардың қатарында болған Жанар Құсанова, Қазақстан шебін ғана емес, Кеңес Одағының жылдары Түркімендегі шекараны да аралаған ата журналист, «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Николай Жоров, Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасында жылт еткен жаңалықтар мен ел шебінде жүрген жақсы адамдар туралы қалам

тербеудің хас шеберіне айналған облыстық «Огни Алатау» газетінің тілшісі Әсел Мукашевтар айтар тұщымды әңгімелер де аз болған жоқ. Сондай-ақ, облыстық «Алатау арайы» газетінің тәжірибелі тілшісі Қуат Қайранбаев пен «Уйғур авазы» аймақтық және этникалық бағыттағы газетінің тілшісі Мінәмжан Асимов әскерилер туралы өз өмірлерінен естеліктер айтып, бүгінгі шараның шырайын кіргізген. Өкінішке орай, бұл туралы көсіліп жазуға газеттің өзімізге шақтап берілген беті тарлық етеді. Сондықтан бастыларына ғана тоқталуға тура келген... Ең бастысы, шекара мен шекарашылардың өмірі – романтикадан тұратынына көз жеткізген қаламгерлер алдағы уақытта да ел шебінің тынысы туралы қалам тербеуге құлшыныс танытты.

...Шара соңында бірқатар журналистер ҰҚК Шекара қызметі директорының бағалы сыйлықтарымен және грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар, департамент бастығы полковник Ә.Каюпов арнайы шақырту алған қаламгерлерге Алғысхатпен бірге сиясы кеуіп үлгермеген «Біз – Отанның берік қалқаны» кітабын сыйға тартты.

Осылайша, еліміздегі БАҚ қызметкерлерінің төл мерекесін ұлықтауды ерте бастап кеткен ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің басшылығы мен журналистердің Ұлттық кітапханада өткен кеші естелікке суретке түсуге ұласқан.



Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР».
Қазақстан журналистері одағының мүшесі.
Суретті түсірген автор.

ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ

НА ОХРАНЕ ДЕТСКИХ СЕРДЕЦ

Родившись в семье военнослужащего, Руслан Бейсенбиевич не понаслышке знает, что такое воинская дисциплина и верность Родине. Еще в 1993 году, по долгу службы отца – Бейсенбая Абжановича, маленький Руслан переезжает за полярный круг – в Архангельскую область, г. Северодвинск, остров Ягры. Там он своими глазами увидел край необъятной Родины и принял решение связать свою жизнь с армией.

В 1994 году, Руслан Бейсенбиевич поступает в Военный институт КНБ РК, и с того момента пограничная звезда освещает его жизненный путь, даже после того, как в 2000 году он осознал, что способен приносить больший вклад в дело охраны священных рубежей на педагогическом поприще – патриотически воспитывая подрастающее поколение и зажигая в их сердцах любовь к службе.

По его инициативе при поддержке руководителя отдела образования Берика Аюпова, в 2016 году в Кызылжарском районе была создана первая и единственная на данный момент группа барабанщиков, в которую входят ученики 8-9 классов. Группа барабанщиков принимает активное участие во всех военных торжественных

мероприятиях, будь то присяга курсантов военной кафедры Северо-Казахстанского университета или торжественные собрания и строевые смотры Военной академии Национальной гвардии. И конечно, не одно праздничное торжественное шествие в городе Бишкуль не проходит без участия группы барабанщиков, замыкающих строй допризывной молодежи.

С 2017 года для учеников 8-11 классов в городе Бишкуль открыл двери кадетский класс «Сардар» – еще одна инициатива Руслана Капарова. Данный класс нацелен на подготовку допризывной молодежи к службе в армии в военно-прикладном искусстве, а также привитию любви к Родине.

За 8 лет существования класса, десятки вчерашних мальчишек связали свою жизнь с армией, отслужив либо срочную службу, либо оставшись по контракту.

Примечательно, что в военно-патриотический класс набирают после прохождения медицинской комиссии и проверки уровня физической подготовленности, настраивая таким образом мальчишек к особенностям воинской службы.

Подписанный Меморандум между методическим кабинетом отдела образования КМУ СКО

Кызылжарского района, Департаментом Пограничной службы КНБ по СКО и Военной академией Национальной гвардии дает возможность учащимся кадетского класса «Сардар» выезжать в полевые учебные центры для проведения практических занятий. Также в рамках подписанного Меморандума в настоящее время прорабатывается вопрос проведения культурно-досуговой работы с военнослужащими пограничных отделов и отделений, заключающаяся в проведении детских концертов для военнослужащих и членов их семей.



Капаров Руслан Бейсенбиевич, оставаясь в сердце настоящим пограничником, храня в кабинете флаг Пограничной службы, зорко стоит на охране детских сердец,

взрачивая в них любовь к Родине, чувство патриотизма, чести и верности долгу.

Капаров Руслан Бейсенбиевич, оставаясь в сердце настоящим пограничником, храня в кабинете флаг Пограничной службы, зорко стоит на охране детских сердец,



Майор Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР».
Фото автора и из личного архива Р. КАПАРОВА.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_rodgan@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Муханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдо Киргизбаев
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасулан Шармаков
Талдықорған - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Асадилов

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердос Қайрат
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садықова
Қостанай - Нұрасыл Сакен
Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Өмірбат Айтәлі, Аян Қайыр, Диас Куанышев
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Немірдің кезекші редакторлары: О.Жақсылықов, А.Киргизбаев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы – 2417 дана.
«Имприм» ЖШС баспаханасында басылды.
Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1

ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕГЕН ӨМІР ЖОЛЫ

Өнегелі өмір – өскелең ұрпаққа үлгі. Әскери салада ұзақ жыл қызмет етіп, бүгінде жас буынды патриоттық рухта тәрбиелеуге атсалысып жүрген азаматтардың бірі – Ермек Абдрахманов. Ермек Зейноллаұлы 1982 жылы 26 маусымда бұрынғы Семей облысы, Мақаншы ауданында туған. Көп балалы отбасында дүниеге келген Ермек – бес баланың тұңғышы. Алты жасында Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектептің табалдырығын аттап, білім жолын бастады. Кейін отбасы Жезқазған қаласына қоныс аударып, №9 орта мектепті 1999 жылы тәмамдайды. Осы жылдары спортпен белсенді шұғылданып, №1 спорт мектебінен самбо, дзюдо және қазақ күресі бойынша тәжірибе жинап, спорт шеберіне үміткер дәрежесіне дейін жетеді.



Отан алдындағы борышын өтеуге бел буған жас жігіт 1999–2003 жылдары Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери институтында білім алады. Студенттік шақта да спортты серік еткен ол 2001 жылы ҚР Қарулы күштері арасында өткен қоян-қолтық ұрыста чемпион атанып, әскери өрі спорттық шеберлігін дәлелдейді.

Әскери қызметін туған өлкесі Мақаншы шекара отрядындағы «Жаманшы» шекара заставасында тәрбие жөніндегі орынбасар ретінде бастап, түрлі шекара бөлімдерінде абыройлы қызмет атқарды. 2006 жылы – «Шаған-Тоғай» шекара заставасының

бастығы, 2007 жылы – Атыраудағы «Құрманғазы» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, 2008 жылдан бастап – жауынгерлік бөлім бастығы, 2010 жылы – Ақтөбе шекара отрядында десанттық-шабуыл бөлімінің жетекшісі, ал 2013 жылы – 1-санаттағы «Әйке» шекара заставасының бастығы қызметтерін атқарды. Ел қорғанысы жолындағы қажырлы ең-

бегі үшін түрлі марапаттар мен алғыс хаттарға ие болды.

Майор Е. Абдрахманов 2015 жылы әскери келісім-шарт мерзімі аяқталған соң өз еркімен азаматтық салаға бет бұрып, отбасымен бірге Астана қаласына қоныс аударады. 2017 жылы Көкшетаудағы Шоқан Уәлиханов атындағы университетке оқуға түсіп, «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жоғары білім алып шығады.

Сол жылдан бастап елордадағы №16 орта мектепте алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру пәндерінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді. Сонымен қатар, самбо мен дзюдо күресінен жаттықтырушы ретінде де шәкірт тәрбиелеуде.

Биыл мектеп қабырғасында «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубы ашылды. Бұл бастама ҰҚК Шекара қызметі, «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі мен мектеп арасындағы ынтымақтас-тық аясында жүзеге асқан болатын. Клуб мүшелерін патриоттық рухта тәрбиелеуде тараптар бірлесе жұмыс жүргізіп келеді. Клуб жетекшісі подполковник Ж. Кемел әскери тәрбиеші Ермек Зейноллаұлының жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік, жауапкершілік пен тәртіпті сіңіру жолында бар күш-жігерін салуға бел буғанын айтады.

Қазіргі таңда Ермек – үш қыздың әкесі, жұбайы – ұс-таз. Ұлағатты әке, білікті маман, ел қорғаны болған арда азаматтың өмір жолы жастар үшін таптырмас тәрбие құралы.



Лейтенант
А. КИРГИЗБАЕВ, «OS-ЧР».
Сурет отбасылық мұрағаттан.

ТАРИХИ ТАНЫМ

САҚТАРДАН ҚАЛҒАН САРҚЫЛМАС САРҚЫТ

Хан баласына да, қара баласына да ардақты атамекен, теңдессіз талбесік, ұжмақ уя бола білген қазақтың дархан даласы қашан да тылсым сырлар мен тарихи жәдігерлерге кенде болмаған. Оған себеп, қойнауы қазынаға, етегі егінге, жайлауы мыңғырған малға толы шұрайлы алқаптарды кім болмасын өзінің құт мекен, ата қонысына айналдыруға, сол арқылы келер ұрпаққа мол мұра қалдыруға тырысқан. Дария көлдер мен сағым шөлдер де, асқар таулар мен ну ормандар да көкбұйра бұлттарға қолын созған қалпында адам баласын көңіл көкжиегі арқылы өліктіріп, оның сан ғасырлық ұрпақ сабақтастығына жалғасатын рухани әлемін, салт-санасын, әдет-ғұрпы мен мәдениет өресін аспан-таулардан ары асырып, асқақтатып отырған. Демек, ықылым заманнан бері қанша ұрпаққа құт мекен болған Шілікті алқабының да сақтар мен үйсіндерден қалған мәдениет пен өркениеттің сарқылмас қайнары екендігіне дау жоқ.

Шілікті алқабы - Шығыс Қазақстан облысына қарасты Зайсан, Тарбағатай аудандарының аралығында орналасқан жері малға, самалы жанға дауа жазира өлке. Бергі тарихта Найман елінің алты Жұмық, бес Саты тармағынан таралған қалың елге қысының қасат қарсыз жұмсақтығымен жазының шыбынсыз салқын жайлылығымен ерекшеленген ұзындығы - 80, ені - 30 шақырым осы кең жазықты оңтүстігінде Тарбағатай, шығысында Сауыр-Сайқан, солтүстігінде Маңырақ таулары қоршап жатыр. Ал, осы жазықтың «Шілікті» аталуын ғалымдар: «Кезінде мұнда шілік талдар көп өскендіктен, осы атауы қалыптасқан болуы керек» деп тұжырымдайды.

Шілікті даласында көне мәдениеттің аса бір өркендеген уақыты б.з.д. I-мыңжылдыққа сәйкес келеді. Бұл кезде Шілікті даласын сақ тайпалары мекендеген. Шілікті даласында сақ-үйсін дәуірінің екі жүзден астам ескерткіштері бар. Олардың елу шақтысы патша және ақсүйек обалары. Бұл ескерткіштерді бірінші зерттеген семейлік гидротехник Г.Н. Бокий болса, 1949-1962 жылдары Шілікті қорымдарында профессор С.С.Черников қазба жүргізді. Ол барлығы 13 обаны қазып, Шілікті сақтарының шаруашылығына, тұрмысына, дүниетанымына қатысты материалдарды зерттеді. Ғалым 1965 жылы жарияланған «Алтын адамның құпиялары» деген еңбегінде: «Шілікті обалары, Шілікті жәдігерлері – сақтардың ерте кезіндегі тарихына қатысты» – деп, атап көрсеткен.

Тәуелсіз Қазақстан тұсында, 2003 жылдан бастап бұл өңірді профессор Ә.Төлеубаев бастаған археолог, тарихшы мамандар зерттеп, елеулі жаңалықтар ашты. Ерте темір дәуірінен бастау алатын 51 қорғаннан тұратын Шілікті қорғандарының ішіндегі маңыздысы – Бәйгетөбе обасы. Ол Жалшы ауылының оңтүстік жағында орналасқан. Ол жерден Қазақстан аумағында анықталған үшінші

Алтын адам табылған. Қорған б.з.б. VIII ғасырға жатқызылады, биіктігі 7,9 м, диаметрі оңтүстіктен солтүстікке қарай 99 м, шығыстан батысқа қарай 97,4 м. Обадан барлығы 4303 дана алтын заттар табылды. Ескерткіштің осыншама ірі көлемі мен одан табылған мол мұралар онда жерленген адамның қоғамда өте жоғары

Археологиялық зерттеулерге ғалымдармен қатар, биліктегі азаматтар, қоғамдық ұйымдардың мүшелері, тіпті қарапайым ауыл адамдары да атсалысты. Шілікті елдімекеніне қарасты Тасбастау ауылының тұрғындары Нұрмұханбет Бекешұлы мен Бақытгүл Минашханқызы мамандарды өз шаңырақтарында ұдайы

жәдігерлерге толы ел аймағына саяхатшылардың қызығушылығын арттырып, мамандарды тартуға ықпал етті.

Бүгінде Қытай халық республикасымен шекаралас жатқан бұл аймақты «Зайсан» шекара басқармасына қарасты «Шілікті», «Ақжар» шекара бөлімдері мен бөлімшелері сенімді күзетуде.



ШІЛІКТІ ЖАЗЫҒЫ. САҚ ҚОРҒАНДАРЫ

мәртебеге ие болғандығын дәлелдейді.

Шіліктіден табылған алтын заттар металлографиялық сүзгіден өткізіліп, Қ.Сатпаев атындағы геология университетінің зертханасында 160 алтын әшекейге сараптама жасалды. Нәтижесінде Шілікті өңірінен табылған жәдігерлердің Қазақстан елінде табылған алтындардың ішіндегі ең жоғарғы санаманы құрайтындығы анықталды.

мейман етіп, ауылшаруашылық техникаларымен қазба жұмыстарына жәрдемдесе, аудан, ауыл әкімдерінің қолдауымен, қазіргі «Халық» партиясының Абай облыстық филиалының төрағасы Айдын Қалдыбайұлының бастауымен қазылған қорғандарды қоршау, ашық мұражай ұйымдастыру, мектеп ауласына «Алтын адам» ескерткішін орнату жұмыстары іске асырылды. Бұл өз кезегінде тарихи

Еліміздегі көне тарихи ескерткіштерді зерттеудің маңызы зор. Себебі, археологиялық ескерткіштер ел тарихымен қатар, ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі халқымыздың байлығымен, өскелең өркениетімен және мәдени мұраларымен танысуға кең жол ашады.

Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР».
Сурет ғаламтор желісінен алынды.